



ЖАППАЙ СЫРҒАНАУҒА КЕЛУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Мұз айдының негізгі 10 ережесі.

МАҢЫЗДЫ:

- Жаппай сырғанауға келушілердің барлығына құрметпен қарау, олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмеу;
- Барлық қызметтерді тек кассалар немесе ресми онлайн ресурстарында төлеу;
- Кешен мүлігіне және жалға беру жабдықтарына ұқыпты қарау;
- Мұз жолында тек сағат тіліне қарсы сырғанау;
- Киім мен аяқ-киімді гардеробтарға тапсыру;
- Medey kids алаңы 12 жастан кіші балаларға арналған;
- Конькимен мұз шетіне немесе резіңке еден жабындысына шықпау;
- Мұзға тамақпен және сусынмен шықпау;
- Мұзға конькисіз шықпау;
- Қауіпті сырғанауды қолданбау. Мәнерлеп сырғанаудың кәсіби элементтерін, сырғытпа таяқпен, моноподпен сырғанау («селфи» таяғы) түрлеріне тыйым салынады.

Тыйым салынады:

- «Medey» myz aidyny аумағына спирттік ішімдіктер әкелуге және қолдануға;
- Мұз айдынына мас немесе есірткілік масаң күйінде келуге;
- Арнайы жарақталған аумақтардан тыс жерде темекі шегуге;
- Мұз аренасында мұзды дайындау уақытында болуға;
- Сеанс аяқталған соң Кешен аумағында қалуға;
- Балаларды қолмен, арбамен немесе шанамен сырғанатуға;
- Кешеннен тыс коньки немесе басқа жалға беру құрал- жабдықтарын шығаруға тыйым салынады.

Ережелерді бұзғаны үшін Әкімшілік, тәртіп бұзушыны төленген қызметтердің құнын өтеусіз Кешен аумағынан шығуын талап етуге құқығы бар.

Сырғанау кезінде алынған жарақаттар үшін Кешен әкімшілігі жауапкершілік алмайды.

«Medey» myz aidyny аумағынан уақытша шығу қажет болған жағдайда, бақылаушыдан мөртабаны бастырып алу қажет. Мөртаңбасы бар билетті үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

Төленген билеттер және қызметтер тек билетте көрсетілген күн мен сеансқа жарамды. Билеттер мен қызметтерді қайтару және ауыстыру, билетте көрсетілген сеансқа кем дегенде бір сағат қалғанда кешіктірілмей жүргізілуі мүмкін. Билеттер мен төленген қызметтерді қайтару кезінде жалпы сомадан 10% комиссия ұсталады. Жаппай сырғанау сеанстарын өткізу мүмкін болмаған жағдайда, әкімшілік сатып алынған билеттер және төленген қызметтерді клиенттің таңдауы бойынша қол жетімді күнге айырбастайды.



«MEDEY» MYZ AIDYNY ЖАППАЙ СЫРҒАНАУ КЕЛУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Осы Ережелердің мақсаты- «Medey» myz aidyny аумағында жаппай сырғанау қызметтерін пайдалану кезіндегі тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Кешенге Келуші- бекітілген Тарифтерге сәйкес кіру билеттерін кассаларда немесе онлайн түрінде төлеген тұлға (ұсынылатын қызметтер кестесі, тізбегі және бағасы ақпараттық орындарда, сонымен қатар www.medey.info сайтында көрсетілген).
- «Medey» myz aidyny - құрамына кассалар, жалға беру павильондары, техникалық құрылыстары мен жабдықтар, көркем безендіру элементтері бар мінбелер және мұз аренасын қамтитын кеңістік.
- Келуші Кешенге келуге байланысты өз бетінше сырғанаудың қауіпсіздік деңгейін анықтайды, сырғанау туралы шешім қабылдайды және денсаулығына келетін қолайсыз салдары үшін тәуекелдікте болады. Кәмелетке толмаған баланың ата-анасы немесе қамқоршысы Кешенге келуге байланысты өз бетінше сырғанаудың қауіпсіздік деңгейін анықтайды, баланың сырғанауы туралы шешім қабылдайды және оның денсаулығына келетін қолайсыз салдары үшін тәуекелдікте болады.
- Кешенге кіру- кіру билеттері бойынша жүзеге асырылады. Кіру билеттерін және қосымша қызметтерді (коньки, қорғаныс жарақтарын жалға алу, қосымша құрал-жабдықтарды жалдау, нұсқаушы қызметтері) сату «Medey» myz aidyny кассаларында, www.medey.info ресми сайтында және серіктес-сайттарында жүзеге асырылады.
- «Medey» myz aidyny кассалары, www.medey.info ресми сайтында және серіктес- сайттарынан тыс қызметтерді төлеуге қатаң түрде тыйым салынады. Әкімшілік үшінші тұлғалармен төленген қызметтерді көрсетуден бас тартуға құқығы бар.
- Кешенге кіру сеанс басталғанда жүргізіледі. Ауа-райының күрделі жағдайларында Әкімшілік келушілерді қабылдауға инфрақұрылымды қажетті деңгейде дайындау үшін сеанстың басталуын кешіктіру құқығын өзіне қалдырады. Сырғанаққа сұраныс жоғары болған жағдайда, мұз айдын кассалары алдын ала ашылады, алайда турнирлер сеанс басталғанға дейін бұғатталған күйде болады.
- 14 жасқа дейінгі балаларға мұз айдынында қорғаныш дулығаларында, тізеқаптар және шынтакқаптарда жүру ұсынылады.
- 12 жасқа толмаған балаларға Medey kids алаңы шегінде сырғанау ұсынылады. Балаларға «Кит» сынды көмекшілермен қауіпсіздік мақсаттарында балалар аймағының шегінен шықпау ұсынылады.
- Билетіңізді сырғанақтың соңына дейін сақтаңыз. Билетте барлық төленген қызметтердің тізбегі бар. Коньки, “көмекші”, нұсқаушының қызметтерін және басқа да ақылы сервистерді пайдалану үшін штрих-коды бар билетті көрсету қажет.
- Конькиді жалға беру қызметтерін пайдалану үшін жалға беру операторына төленген билет, сонымен қатар, кепіл ретінде: жеке басын куәландыратын құжатын немесе конькилердің әр жұбы үшін 5000 тг көлемінде ақшалай кепіл енгізуі қажет. Бір құжатқа 4 жұп конькиден артық берілмейді.
- Коньки/құрал-жабдықтарды жалға алмастан бұрын Келуші оларды қарауға міндетті. Келушінің құрал-жабдықтарды алу фактісі коньки мен құрал-жабдықтар тиісті техникалық күйде және пайдалануға жарамды екенін растайды.
- Жалға беру қызметін пайдалануды аяқтаған соң Келуші коньки/ құрал-жабдықтарды табиғи тозуды ескере отыра, Келуші коньки/ құрал-жабдықтарды өткізуге міндетті.
- Жоғалтқан немесе бүлдірген жағдайда (жалға беру құрал-жабдықтары жалға беру пунктінде қабылдау кезінен төмен күйінде), Келуші қолданыстағы Тарифтерге сай жоғалған/зақымдалған құрал-жабдықтар бағасының көлемінде материалдық шығынды өтеуге тиіс.
- Конькимен бірге жалға беру орнында біржолғы шұлықтарды аласыз.
- Конькилерді өлшеу аяқ-киім ауыстыру аймағында жүзеге асырылады. Келуші конькиді арнайы терезеде ауыстыруға құқылы. Конькилерді ауыстыру тек мұз аренасына шыққанға дейін жүргізіледі.
- Аяқ-киімді бірінші қабаттағы аяқ-киім гардеробына, сырт киімді екінші қабаттағы гардеробқа тапсыру ұсынылады. Киім ауыстыру аймақтарында немесе мінбелерде қалдырылған жеке заттары үшін әкімшілік жауапты болмайды.
- Сырт киімдер гардеробына үлкен көлемді сөмкелерді де тапсыруға болады. Заттарды қабылдау барысында, жалға беру операторы заттарды алу үшін қайтарылуға тиісті нөмір жазылған бирканы береді. Құнды заттарды біз сақтау камерасына өткізуді ұсынамыз.
- Келуші «Көмекшілері» (қосымша құрал-жабдық) Medey kids алаңында, сондай-ақ, оңтүстік бұрылыста билеттер ұсынылғанда беріледі. Осы жерде нұсқаушылардың жиналу орны да бар.
- Қауіпсіздік мақсаттарында келушілер сеанс аяқталған соң бірден мұз аренасынан кетуге міндетті. Кешен аумағынан сеанс аяқталған соң отыз минут ішінен кешікпей кетуге міндетті.
- Сонымен қатар, келушілер, сеанс ортасында жүргізілетін мұзды аралық «күрғақ» дайындау уақытында мұздан кетуі қажет.
- Кіру билеттерін сатып ала отырып, келуші кешенге кіру ережелерімен келісетінін растайды.



2. КЕСТЕ ЖӘНЕ БАҒАЛААР

СЕАНС КЕСТЕЛЕРІ

Мүз айдын аптасына 7 күн жұмыс істейді!

Жұмыс күндері:

Бірінші сеанс 11:00 – 16:00

Екінші сеанс 18:00 – 23:00

Демалыс және мейрам күндері:

Бірінші сеанс 10:00 – 14:00

Екінші сеанс 15:00 – 19:00

Үшінші сеанс 20:00 – 23:00

Балалар билеті	0 – 6 жас	тегін
Мектеп жасындағылар билеті	7 – 13 жас	400 теңге
Жастар билеті	14 – 22 жас	900 теңге
Ересектер билеті	23 – 57 жас	1800 теңге
Жеңілдігі бар билеттер	зейнеткерлер, мүгедектер, балалар үйінің тәрбиеленушілері, 18 жасқа толмаған көп балалы отбасының балалары	тегін

1. Билеттер сату және мүз айдынга кіру сеанстың соңына дейін бір сағат бұрын аяқталады.
2. Турникеттегі кассир/бақылаушыға жасыңызды немесе әлеуметтік мәртебеңізді растайтын құжатыңызды дайындаңыз.
3. Билет ондағы көрсетілген күні мен сеансқа жарамды.
4. Билеттерді сеанс мерзіміне дейін бір күнтізбелік ай ішінде сатып алуға болады.
5. Коньки қайрау қызметі билетті сатып алған күннен 30 күн ішінде жарамды.
6. Ілестіруші тұлғаларға кіру билетінің толық құнын төлеуі қажет.
7. «Medey» муз айдыну әкімшілігі ауа-райы жағдайына немесе мүз айдының барынша жүктемесіне байланысты билет сатуды тоқтатуға құқығы бар.
8. Төленген, бірақ пайдаланылмаған қызмет құны клиентке қайтарылмайды.
9. Билет жоғалған жағдайда ақша қайтарылмайды және билет қалпына келтірілмейді.

АЙЫРБАСТАУ ЖӘНЕ ҚАЙТАРУ

- «Medey» муз айдыну кассаларында сатылып алынған билеттерді қайтару және ауыстыру билетте көрсетілген сеанс басталғанға дейін бір сағат уақыт ішінде жүргізіледі.
- Егер билет онлайн ресурстардан сатып алынған болса, оны сеанс басталғанға дейін 24 сағаттан кешіктірмей қайтару мүмкін. Қайтару билет сатып алынған орында жүргізіледі.
- Билет және төленген қызметтерді қайтару кезінде жалпы сомадан 10% комиссия ұсталады.
- Жаппай сырғанау жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, әкімшілік сатып алынған билеттер және қызметтерді клиенттің қалауы бойынша қол жетімді мерзімге айырбастайды немесе ақшасын қайтарады.



«MEDEY» MYZ AIDYNY ҚЫЗМЕТТЕРІ

Сеансқа конькиді жалға алу	1000	Конькилер 26 – мөлшерден 47- мөлшерге дейін. Конькидің әр жұбы ақша кепілдігімен 5 000 теңге көлемінде немесе жеке басты куәландыратын құжатқа ауыстыру арқылы жүргізіледі.
Сеансқа арналған қорғаныс жиынтығы	1000	Жиынтыққа шлем, тізеқап және шынтаққап кіреді. Барлық мөлшерлер бар.
«Көмекшіні» жалға алу 1 сағат	1000	Көмекші – балалар мен ересектерге лайық пластик тіреу.
«Пингвинді» жалға алу 1 сағат	1000	Пингвин – жаңадан үйреніп жүргендерге арналған дос және көмекші. Ол пластик көмекшіден ауырлау, бірақ одан орнықты.
«Китті» жалға алу 1 сағат	1000	«Medeu kid» балалар алаңында беріледі. «Кит» - өзін балалар тебуге рұқсат етілетін «Медеудегі жалғыз құрылғы.
Нұсқаушы қызметі 1 сағатқа	4000	Балалар және ересектерді оқыту.
30 минут	2000	
Конькиді қайрау	1000	Кәсіби жабдықтарда стандартты қайрау.
Екі есе қайрау	2000	Жоғары деңгейде сырғанауға арналған стандартты қайрау.
«Алаңша» астына дейін қайрау	1500	Серуендеп сырғанауға және балалар конькине арналған қайрау.
Сеансқа арналған гардероб	200	Сеанс соңына дейін аяқ-киіміңізді сақтап береміз.

- Арнайы органдардағы қызмет (ІІМ, ҰҚК, СҚМ, Қаржы полициясы, БМ, салық және басқа органдар) жаппай сырғанауға тегін кіру құқығын бермейді. Арнайы орган қызметкерлері «Medey» myz aidyny кешеніне қызметтік қажеттілік бойынша кіретін жағдайда, кешен әкімшілігі осы келушінің мәліметтерін тіркеуге және осы қызметкердің тікелей басшылығын хабардар етуге құқығы бар.

3. ЖАППАЙ СЫРҒАНАУҒА КЕЛУШІЛЕР :

- Мүз аренасында төленген уақыт және сеанс шегінде болуға;
- Өзімен бірге коньки әкелуге және онымен сырғанауға, немесе жалға беру пунктінен коньки мен басқа құрал-жабдықтарды жалға алуға;
- Қажетті ақпарат алу үшін Кешен жұмыскерлеріне өтініш білдіруге;
- Арнайы бөлінген орындарда тамақ жеуге және сусындар ішуге (спиртті ішімдіктерден басқа);
- Мінбелерде арнайы бөлінген орындарда болуға;
- Қажет болған жағдайда медициналық пункттен алғашқы шұғыл дәрігерлік көмек алуға;
- Сырт киімдерін, сөмкелерін және басқа бағалы заттарын киім шешетін орындарға, олардың ережелері мен жұмыс кестесіне сай қосымша ақыға өткізуге;



- Қосымша ақыға аяқ-киім гардеробына аяқ-киімді тапсыруға құқығы бар. Конькиді жалға беру қызметтерін пайдаланған клиенттерге аяқ-киімін аяқ-киім гардеробына тегін тапсыру құқығы беріледі.
- Әкімшілік Келушіге нөмірін, жетонын тапқанға немесе соңғы Келуші шыққанға дейін заттарды қайтармау құқығын өзіне қалдырады. Нөмірін жоғалтқаны үшін 1000 тт. көлемінде айыппұл салынады. Айыппұл Кешен кассасында төленеді.

4. ЖАППАЙ СЫРҒАНАУҒА КЕЛУШІЛЕР :

- Кешенге келу ережелерін сақтауға;
- Үшінші тұлғалар алдында өз іс-әрекеттері салдарынан жасаған, Кешенге кіру ережелерін сақтамау немесе абайсыздықтан жасаған залалдарға жауап беруге;
- Келуші коньки/құрал-жабдықтарды сеанс аяқталған соң коньки/құрал- жабдықтарды алған уақыттан бірден өткізуге;
- Өз меншігі болып санамайтын ұмытылған немесе жоғалған заттарды (киім, ақша немесе басқа заттар) тауып алған жағдайда, оларды Кешен қызметкеріне тапсыруға;
- Азаматтарға қауіпті болуы мүмкін өрт немесе тұтануды көрген жағдайда, күдікті заттар тапқан кезде әкімшілік өкіліне «Medey» муз айдуну кешенінде құқықтық тәртіпке және қоғамдық қауіпсіздікке жауапты күзет қызметіне немесе тұлғаларына хабарлап, олардың нұсқаулықтары бойынша әрекет етуге;
- «Medey» муз айдуну кешеніне келген бойда, Эвакуация жоспарына сай өзінің болу орынын анықтауға, апаттық шығу жолдарына жететін қысқа жолдарды анықтауға, өртті (апатты) жариялаған кезде эвакуация сызбасымен және Кешен қызметкерлерінің нұсқаулықтары бойынша әрекет етуге;
- Мұз аренасында, күту аймағында тазалық және тәртіпті сақтауға;
- Конькимен (тысы жоқ) тек арнайы резіңке және мұзбен жарақталған инфрақұрылым аумағы шегінде жүруге;
- Мұз жолында сағат тіліне қарсы сырғанауға;
- Мұз жабындысын бүлдіруге және де айналадағылар үшін қауіпті болуы мүмкін және жарақат алуға әкеліп соғатын, (адамдар шоғырланған жерде күрт жеделдету, жоғары жылдамдықта қауіпті жақындасу, мұзды зақымдайтын кілт бұрылыстар және секірістер, кенеттен тежелу және т.б), әрекеттер жасауға жол бермеуге;
- Кәмелетке толмаған тұлғаларға олармен бірге жаппай сырғанауға келгендерге бақылау жасауды қамтамасыз етуге, аталған тұлғаларды қараусыз қалдырмауға;
- Жаппай сырғанауға қатысушы басқа тұлғаларға, келушілерге, қызмет көрсетуші персоналға, қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті ұстауға жауапты басқа тұлғаларға құрметпен қарауға;
- Киім ауыстыруды және конькиді киюді тек арнайы бөлінген– прокаттың арнайы резіңке жабындысы төселген орнында жүзеге асыруға;
- Сырт киімді және аяқ-киімді қараусыз қалдырмауға, оларды гардеробқа тапсыруға міндетті.

5. КЕЛУШІЛЕРГЕ:

- Балаларды қолға ұстауға немесе иығына отырғызуға, балаларды арба немесе шанамен сырғанатуға;
- Мұз аренасында жаппай сырғанау кезінде Келушілердің жайлылығы пен қауіпсіз демалысына кедергі келтіретін хоккей және басқа ойындарды ойнауға;
- Жаппай сырғанау кезінде мәнерлеп сырғанау элементтерін орындауға;
- Жаппай сырғанау аясында мұз үстінде кәсіби жаттығу жұмыстарын жүргізуге;
- Коньки және жалға беру жабдықтарын, Кешеннің құрал-сайманын бүлдіруге;
- Мұз жабындысын зақымдауға, мұзды конькимен немесе басқа заттармен тесуге, шұқуға;
- Кешен Әкімшілігінің келісімінсіз тауарлар сатуға, жарнама науқандарын өткізуге, кез келген коммерциялық қызметтер жасауға;
- Өртке қауіпті, жарылғыш, пиротехникалық бұйымдар, улы, иісті заттар, спиртті ішімдіктер, кез келген қару түрін, түйрегіш және кескіш заттар, психотроптық заттар мен есірткі құралдарын әкелуге және қолдануға;
- Кешеннің арнайы жарақталған аумағынан тыс жерде темекі шегуге (соның ішінде, электронды темекі), кальян және басқа да темекі өнімдерін шегуге;
- Кешен аумағында маскүнемдік немесе есірткілік масаң күйінде болуға;
- Мұз аренасында мұз құю кезінде болуға;
- Мұз аренасында тамақ жеуге және сусындар ішуге;
- Мұзға қоқыс немесе басқа заттарды лақтыруға, сонымен қатар, мұзға конькисіз шығуға;
- Мұз аренасында: имек таяқ, шайба, шана және т.с.с. спорттық құрал-саймандарды пайдалануға;
- «Medey» муз айдуну аймағына жануарлармен келуге тыйым салынады.



6. КЕЛУШІЛЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ:

- Келуші өзінің іс- әрекеттерімен басқа Келушілерге немесе Кешен мүлігіне келтірген кез келген залалдары үшін, с.і. мүліктік зақым, жауапкершілікте болады.
- Мұз айдында Келушілердің мінез-құлқы үшінші тұлғаларға кедергі келтірмеуге, олардың өміріне және денсаулығына қауіпті жағдай туғызбауға немесе басқаша түрде олардың бостандығын шектемеуге тиіс. Жоғарыда көрсетілген әрекеттері үшін Келуші ҚР қолданыстағы заңдылықтарымен қарастырылған жауапкершілікке тартылады.
- Баланы (балаларды) ілестірген Келуші оның өміріне, денсаулығына және қауіпсіздігіне, сонымен қатар, оның іс-әрекеттеріне және баланың (балалардың) жалпы мінез-құлық ережелерін және Осы мінез-құлық ережелерін сақтауына жауапкершілікте болады.

7. МҰЗ АЙДЫН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ:

- Кешен келушілерінің қауіпсіздігін және мүлігінің сақталуын қамтамасыз ету үшін Кешенде тіркелген видеобақылау жүргізіледі.
- Әкімшілік: Келушілердің: денсаулығына, «Medey» myz aidyny кешенінде жазатайым оқиғалар және жарақаттар үшін; Кешен аумағында қалдырылған мүліктің сақталуы және түгелдігі үшін; жалға беру пункттері ұяшықтарында қалдырылған және сырғанау сеансы аяқталған соң талап етілмеген заттар үшін; жалған билеттер және белгіленбеген орындарда сатып алынған (Кешен кассаларында, www.medey.info ресми сайтында және серіктестер-сайттарынан алынбаған) билеттер үшін, Осы келу ережелерін сақталмауынан болған салдарлар үшін жауапкершілікте болмайды.
- Осы ережелерді білмеу салдарынан пайда болған наразылықтар, www.medey.info сайтындағы ақпараттар, сонымен қатар, негізгі кіру жолдарында орналасқан ақпараттық орындарда жарияланған ақпараттардан басқасы, Орнатылған ережелер бұзылған жағдайда қабылданбайды.
- Кешен мүлігіне залал және/немесе шығындар келтірген жағдайда, Әкімшілік кінәлі тұлғалардан Қазақстан Республикасының заңдылықтарына сәйкес келтірілген зиянды және/немесе шыққан шығынның орынын толғыртуға құқысы бар.
- Кешенге келушілердің қауіпсіздігін және мүліктің сақталуын қамтамасыз ету үшін кешенде бекітілген бейне бақылау жүргізіледі.

СІЗГЕ ЖАЙЛЫ ДЕМААЛЫС ТІЛЕЙМІЗ!